


**Бірыңғай ақпараттық-білім беру ортасының
«Мектепті басқару жүйесі» ақпараттық жүйесінде
оқушыны басқа мектепке ауыстыруға өтініш беру туралы
нұсқаулық**

Өтініш беру процесі

Оқушыны басқа мектепке ауыстыруға өтініш «Мектепті басқару жүйесі» ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Жүйе) арқылы оқушының ата – анасынан немесе заңды өкілінен беріледі. Оқушының ата-анасы немесе заңды өкілі Жүйе арқылы оқушыны ауыстыруға бір балаға тек бір өтініш бере алады. Өтінішті қайтадан беру керек болған жағдайда, оқушының ата-анасы немесе заңды өкілі бұрын берілген өтінішті кері қайтарып алуы қажет.

Қадам 1. Оқушының ата-анасы немесе заңды өкілі Жүйеде логин және құпиясөз бойынша авторизациялануы қажет. Әрі қарай негізгі мәзірден «Өтініштер» бөліміне өтіп, «Ауысу» тармағын таңдау керек (*Сурет 1-ді қараңыз*):



Сурет 1

Қадам 2. Пайда болған терезеде (*Сурет 2-ні қараңыз*) оқушының ТАӘ (ЖСН), сондай-ақ өтініш берілетін тілді таңдау қажет. Болашақта сізге берілетін жауап сәйкесінше сол тілде беріледі. Осыдан кейін пошта өрісіне электрондық пошта мекенжайын енгізіп, оң жақта орналасқан «Код жіберу» батырмасын басу керек. Жүйенің растау коды электрондық пошта мекенжайыңызға жіберіледі. Алынған кодты тиісті өріске енгізіп, «Поштаны растау» батырмасын басу керек. Ережелермен танысқаннан кейін, «Мен келісім ережелерімен таныстым» құсбелгісін қойып, «Келесі» батырмасын басу керек.

Аударуға өтінішті тапсыру

Заңды өкілі: ТАӘ (ЖСН) ?

Оқушы: ТАӘ (ЖСН) ?

Байланыс: Қазақша ?

Пошта: kelimbayeva_a@c.nis.edu кодты жіберу ?

Растау коды: 3666 поштаны растау ?

Мен [Оқушылардың ауыстыру ережелерімен](#) таныстым ☒ → **Өрі қарай**

Сурет 2

Қадам 3. Келесі терезеде (Сурет 3-ті қараңыз) «Қала», «Келу мектебі», «Ауысу себебі» өрістерін тізімнен шығатын деректермен толтыру қажет. Өрі қарай сізге «Өтініш» батырмасын басып, оны басып шығаруыңыз керек. Басып шығарылған құжатта толтырылған күнін көрсетіп, қол қойыңыз. Содан кейін өтінішті сканерден өткізіп, көшірмесін «Өтініш сканерін тіркеу» батырмасы арқылы жүктеңіз. Өтініштің көшірмесін жүктегеннен кейін «Сақтау» батырмасын басыңыз:

Заңды өкілі

ЖСН ТАӘ
+7 (7**) *** ** ** элек.пошта мекен-жайы

Оқушы

ЖСН ТАӘ
Көкшетау қаласындағы ФМБ НЗМ 2022-2023 / 7 сыныптар Қазақ тілі

Оқу нысаны: Грант

Оқу тілі: Қазақ тілі

Қала: Астана

Қабылдану мектебі: Астана қаласындағы ФМБ НЗМ

Аудару себебі: Басқа қалаға көшу

Сіздің алдыңызда өтініш бар: 0 **Мектептер бойынша өтініштер**

Өтініш **Өтініш сканын қосыңыз**


Құжат түрі	Өлшемі	Мәртебе
Өтініштің скан-көшірмесі	0.1Mb	ЖҮКТЕЛДІ

Сақтау **Артқа**

Сурет 3

Қадам 4. Жоғарыда көрсетілген әрекеттерді орындағаннан кейін жүйе өтініштің сәтті аяқталғаны туралы хабарламаны көрсетеді. Өтініштің

статусын көру үшін «Статусты қарау» батырмасын басу керек (Сурет 4-ті қараңыз).




Сурет 4

Өтінішті қайтарып алу процесі


Бұл процесс Жүйеде оқушыны ауыстыруға бұрын берілген өтініш болған жағдайда ғана іске асады.

Қадам 1. Негізгі мәзірде «Өтініштер» бөліміне өтіп «Қарау» тармағын таңдаңыз (Сурет 1-ді қараңыз.):



Сурет 1

Қадам 2. Пайда болған диалогтық терезеде оқушының ТАӘ (ЖСН) таңдап, «Келесі» батырмасын басыңыз (Сурет 2-ні қараңыз):



Сурет 2

Қадам 3. Келесі диалогтық терезеде оқушыны ауыстыруға бұрын жіберілген өтініш бойынша ақпарат көрсетіледі, сіз «Қайтарып алу» батырмасын басуыңыз керек (Сурет 3-ті қараңыз):

Өтініш № : П/А-290 № 1 кезекке қою күтілуде

Заңды өкілі
ТАӘ (ЖСН)
+7(7**)*** ** ** элек.пошта мекен-жайы

Оқушы
ТАӘ (ЖСН)

Көкшетау қаласындағы ФМБ НЗМ 2022-2023 / 7 сыныптар Қазақ тілі

Оқу нысаны.* Грант
Оқу тілі.* Қазақ тілі
Қабылдану мектебі.* Астана қаласындағы ФМБ НЗМ
Аудару себебі.* Басқа қалаға көшу

Сіздің мәлімдемеңіз: 1

Құжат түрі

Өтініштің скан-көшірмесі

Тарихы

Күні	Уақыт	Сипаттама
14.06.2023	11:47:19.880	Онлайн өтініш беру

← Артқа Қайтарып алу

Сурет 3

Қадам 4. Әрі қарай өтінішті қайтарып алу себебін көрсетіп, электрондық поштаны растау кодын енгізіп, «Өтінішті қайтарып алу» батырмасын басыңыз (Сурет 4-ті қараңыз):

Өтінішті кері қайтарып алу

Себеп.* Ауысудан бас тарту

Ескерту:

Пошта.* kerimbayeva_a@c.nis.edu.kz

Растау коды.* 1874


кодты жіберу

Өтінішті қайтарып алу

Жабу

Сурет 4

Қадам 5. Жүйе «Иә» батырмасын басу арқылы әрекетті растау терезесін көрсетеді. Әрі қарай жүйе өтінішті сәтті қайтарып алу туралы хабарламаны көрсетеді (Сурет 5-ті қараңыз.). Өтініштің статусын көру үшін «Кері қайтарылған өтінішті қарау» батырмасын басу керек.



Сурет 5